

**«№3 ст. энергоблогын орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта құру» инвестициялық жобасын дайындау және жүзеге асыру жоспар - кестесінің орындалуы жөніндегі есеп
(29.08.2025 ж. қараған жағдай бойынша)**

I. Жоба бойынша жалпы ақпарат

- Жоба қуаты: 550 МВт
- Іске асыру мерзімдері: 2010 ж.наурыз -2028 ж. қыркүйек.

II. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) әзірлеу:

- 2023 жылдың қараша айында «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС-мен ТЭН әзірлеуге шарт жасалды.
- 2024 жылғы 31 мамырда жобаның ТЭН №01-0235/24 мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.
- Жарлық 2024 жылғы 06 маусымда «ЕГРЭС-2ст.» АҚ №621 бұйрығымен жобаның ТЭН бекітілді.

III. Жобаны дайындау және іске асыру жоспар-кестесін орындау.

1. ЕРС-келісімшартының қорытындысы (орындалды)

- 2025 жылғы 30 мамырда «KBI Energy Group» ЖШС (ҚР, Консорциум жетекшісі), «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС (ҚР, жобалаушы) және «Энерго Спец Строй»ЖШС (ҚР, жабдықты жеткізуші) құрамында консорциуммен №3 және №4 энергоблоктарды жобалауға, жеткізуге және құрылысқа ЕРС-шарт №1119402/2025/1 жасалды.

2.«П» сатысының ЖСҚ әзірлеу (орындау сатысында)

- Жоба шеңберінде қоғамдық тыңдаулар өткізуді және ҚОӘБ бойынша оң қорытынды алуды қоса алғанда, экологиялық келісімдер сәтті өтті.
- ЕРС-келісімшарт бойынша жұмыстарды орындаудың өзекті кестесіне сәйкес ЖСҚ бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алу 2026 жылдың бірінші тоқсанында жоспарлануда, содан кейін құрылыс-монтаж жұмыстары басталады.
- Бүгінгі күні жобаның құрамы қалыптастырылды, ғимараттар мен құрылыстардың титулдық тізімі жаңартылды, сонымен қатар бас корпусының құрылыс негізі әзірленді. Сонымен қатар, жобаның графикалық және түсіндірме бөліктерін әзірлеу жалғасуда және жабдыққа қойылатын техникалық талаптар мен сауалнама парақтарын келісу жүргізілуде.

3. Қаржыландыруды ұйымдастыру (орындалды).

- 2023 жылдың 4-тоқсанынан бастап субсидияланған пайыздық мөлшерлемен экспорттық қаржыландыруды тарту бойынша жұмыс жүргізілді. 2023 жылдың желтоқсанында Ресей Федерациясының қаржы институтынан (РФ) қаржыландырудың индикативті шарттары алынды,

олар субсидияланған сыйақы мөлшерлемесі бойынша Ресей Федерациясының өндірістік жабдықтарын пайдалану кезінде бірден №3 және №4 екі энергоблогы бойынша құрылыс құнын жабады. Ресей Федерациясы Үкіметінің жобаны 2024 жылы субсидиялау туралы шешімі қабылданған жоқ.

- Екібастұз ГРЭС-2 акционерлері жобаны іске асырудың белгіленген мерзімдерін бұзуды болдырмау үшін нарықтық шарттарда «Самұрық-Қазына»АҚ акционерлік қарызын тарту арқылы 3-ші энергоблок құрылысы жобасы бойынша қаржыландыру схемасын өзгерту туралы шешім қабылдады. Мамыр айында акционерлік қарызды ұйымдастыру бойынша корпоративтік рәсім аяқталды.
- 2025 жылғы маусымда 3-ші энергоблоқты салуға арналған ЕРС-келісімшарт бойынша аванс жасалды. Бұл қаражат «Жоба» кезеңінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және негізгі жабдықтарды дайындауды аванстау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруға бағытталған.

4. Жабдықты жеткізу (орындау сатысында).

- 2025 жылғы 08 шілдеде "ЕГРЭС-2ст." АҚ-да Харбин Электрик Интернэшнл (ҚХР) турбиналық және генераторлық зауыттарының өкілдерімен кездесу өткізілді.
- 2025 жылғы 09 шілдеде "KBI Energy Group"ЖШС және Харбин Электрик Интернэшнл бу турбинасы мен турбогенераторды резервтеу туралы келісімге қол қойылды.
- 2025 жылғы 16 шілдеде " KBI Energy Group"ЖШС мен "ЗиО-Подольск "АҚ-мен (РФ) арасында қазандық дайындауға келісімшартқа қол қойылды.

5.Дайындық жұмыстары

- Металл сынықтарын жинақтау және кәдеге жарату бойынша жұмыстар ұйымдастырылды.
- Бас корпусың кран астындағы жолдарын бөлшектеу жұмыстары басталды (маш.зал).
- Іс-шара геодезиялық-бөлу негіздері бойынша, құрылыс алаңын су түсіруді орнату бойынша, құрылыс алаңының аумағын тазарту, №2 түтін құбыры ауданындағы модульдік қалашықты қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.
- Бетон-ерітінді торабын іске қосу жұмыстары жүргізілуде.
- СКР-2200ЭМ рельсті кранның бағыттама конструкциясының дәнекерленген қосылыстарын тазалау жұмыстары жүргізілуде.
- Ағызу арнасының бөлгіш бөгетін нығайту бойынша жұмыстар жүргізілуде.
- Құрылыс алаңында трансформаторлық қосалқы станцияларды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.
- Бетон алаңдарын орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде.

- Бас корпустың АҚЗ металл конструкциялары бойынша жұмыстар жүргізілуде.
- Құрылыс алаңының суын төмендету бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жұмыс басталғаннан бері БНС-2 су деңгейі шамамен 2,5-3,0 метрге төмендеді.
- Құрылыс алаңында күн сайын 35-40 жұмысшы және 8-10 арнайы техника бірл. жұмыс істейді.

"Құрылысқа рұқсат алу" 6-т., «Жұмыс құжаттамасы» сатысының ЖСҚ әзірлеу" 7-т., «Жабдықтарды жеткізу» 8-т., "Құрылыс-монтаждау жұмыстары" 9-т., "Іске қосу-жөндеу жұмыстары" 10-т., «Пайдалануға беру» 10-тармақтары бойынша іс-шараларды орындаудың жоспарлы мерзімдері басталған жоқ.